

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭТНОСАЯСИ ЖӘНЕ ЭТНОМӘДЕНИ ПРОЦЕСТЕРІ И ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ПРОЦЕССЫ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА ETHNOPOLITICAL AND ETHNO-CULTURAL PROCESSES OF MODERN KAZAKHSTAN

ҒТАХР: 11.25.07

<https://orcid.org/0009-0003-8765-4395>

<https://orcid.org/0009-0003-8696-5208>

Рыскулова А., Турекулова Ж.Е.*

Саясаттану білім беру бағдарламасының 2 курс магистранты,
М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

*PhD доктор, доцент, М.Әуезов атындағы ОҚЗУ. Шымкент, Қазақстан

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ «ҮЛКЕН ОЙЫН» ГЕОСАЯСИ ЖОБАСЫ: ТАРИХ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

***Автор-корреспондент:** turekaulova74@mail.ru

Түйін: Тарихи түрде «Үлкен ойын» (1800-1917) геосаяси жобасы - бұл Ресей империясы мен Ұлыбритания арасындағы Орта Азия аймағында ықпалдық саласын бөлу бойынша геосаяси теке тіресті білдіреді геосаяси қайшылық болып табылады. Тарихи тұрғыдан алғанда XX ғасырдың бірінші жартысында «Үлкен ойын» аяқталды деп саналғанымен, Орталық Азиядағы әлемдік акторлар арасында геостратегиялық және геэкономикалық бәсекелестіктер жаңа бағыт алып отыр. Ұсынылып отырған мақалада Ресей империясы мен Ұлыбританияның XIX ғасырлардағы Орта Азиядағы бәсекелестік түріндегі геосаяси теке тірестерінің тарихы қарастырылады, геосаяси күрестің діни аспектілеріне талдау жасалынады. Орталық Азия аймағының қазіргі кездегі геосаяси жағдайы зерттелінеді. Заманауи кезеңдегі «Үлкен ойын» геосаяси жобасының ерекшеліктері мен негізгі бағыттары айқындалады. Әлемдік күш орталықтарының аймақтағы геосаяси мүдделеріне талдау жасалынады.

Кілт сөздер: геосаясат, «Үлкен ойын», мүдде, Орталық Азия, ұлттық мүдде, сыртқы саясат

МРНТИ: 11.25.07

<https://orcid.org/0009-0003-8765-4395>

<https://orcid.org/0009-0003-8696-5208>

Рыскулова А., Турекулова Ж.Е.*

Магистрант 2 курса образовательной программы
«Политология», ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан
доктор PhD, доцент. ЮКИУ им.М.Ауэзова. Шымкент, Казахстан

«БОЛЬШАЯ ИГРА В ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ»: ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ

***Автор-корреспондент:** turekaulova74@mail.ru

Аннотация: Историческая «Большая игра» (1800-1917) – борьба между Россией и Великобританией за господство над Средней Азией, долгое время считалась одним из сложных геополитических конфликтов в истории. Несмотря на то что, «Большая игра» закончилась в начале XX века, геостратегическое и геэкономическое соперничество мировых акторов в Центральной Азии продолжается и по сей день. В статье рассматриваются исторические предпосылки противостояния Российской империи и Великобритании в XIX веке за сфер влияния в Средней Азии. Особое внимание уделяется тенденциям религиозного составляющего геополитической борьбы. Изучено современное

геополитическое положение Центрально-Азиатского региона. Проанализированы особенности и основные направления геополитического проекта «Большая игра» на современном этапе. Выявляются основные геополитические интересы мировых держав в регионе.

Ключевые слова: геополитика, «Большая игра», интерес, Центральная Азия, национальный интерес, внешняя политика

IRSTI: 11.25.07

<https://orcid.org/0009-0003-8765-4395>

<https://orcid.org/0009-0003-8696-5208>

Ryskulova A, Turekulova Zh.E.*

master's student of the educational program

«Political Science», M.Auezov SKRU, Shymkent, Kazakhstan

doctor PhD, Associate Professor M.Auezov SKRU, Shymkent, Kazakhstan

«THE GREAT GAME IN CENTRAL ASIA»: HISTORY AND MODERNITY

***Corresponding author:** turekulova74@mail.ru

Abstract. The historical «Great Game» (1800-1917) - the struggle between Russia and Great Britain for dominance over Central Asia, has long been considered one of the most complex geopolitical conflicts in history. Although the Great Game ended at the beginning of the 20th century, geostrategic and geoeconomic rivalry between global actors in Central Asia continues to this day. The article examines the historical background of the confrontation between the Russian Empire and Great Britain in the 19th century for spheres of influence in Central Asia. Particular attention is paid to the trends of the religious component of the geopolitical struggle. The current geopolitical situation of the Central Asian region has been studied. The features and main directions of the geopolitical project «The Great Game» at the present stage are analyzed. The main geopolitical interests of world powers in the region are revealed.

Keywords: geopolitics, Great Game, interest, Central Asia, national interest, foreign policy

Кіріспе

Орталық Азия - «Ұлы жібек жолы» өтетін көлік торабы ретінде ерте кезеңнен бастап халықаралық ықпалдастықтың орталығына айналған тарихы терең аймақ болып табылады. XIX ғасырда Артур Конолли ағылшын офицері тарапынан «Үлкен ойын» деп аталған тұжырымдаманың саяси айналымға енгізілуі, Ұлыбритания және Ресей арасындағы Орта Азия аумағына байқылау орнату және саяси үстемдік жасау мақсатындағы теке-тірес, аймақ өміріне елеулі ықпал еткен басты саяси мәселені тудырды. Екі империяның арасындағы бұл теке тірес 1907 жылы келісім нәтижесінде тоқтатылып, Ресей империясы Орта Азия аймағына толықтай бақылау орнатты. XXI ғасырда «Үлкен ойын» тұжырымдамасы жаңа серпінге ие болып, бұл саяси бәсекелестікке қатысатын әлемдік күштердің саны артты. Америка Құрама Штаттары, Қытай Халық Республикасы, Ресей Федерациясы, Түркия Республикасы, Еуропалық одақ түріндегі әлемдік күштердің қазіргі таңдағы геосаясаты, геоэкономикалық және геостратегиялық тұрғыдан маңызы жоғары, Шығыс және Батысты жалғастыратын маңызды көлік-коммуникациялық торап болып табылатын Орталық Азия аймағына бағыттталып отыр. Жаһандық геосаяси тұрақсыздық өршіп отырған қазіргі таңда бұл саясат оң және теріс сипаттары қатар жүретін өзекті мәселе.

Зерттеудің мақсаты - Орталық Азия аймағындағы «Үлкен ойын» тұжырымдамасының мәні мен қозғаушы күштерін айқындау, XIX ғасыр және XXI ғасыр аралығындағы бағыттарына салыстырмалы талдау жасау болып табылады.

Зерттеудің әдіснамалық негізін геосаяси, саясаттану, тарих, халықаралық қатынастар

теорияларының негізгі ережелері қамтиды. Сонымен қатар геотарих, тарихи объективтілік, құжаттарға талдау жасау әдістері қолданылды

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - Орталық Азия аймағындағы әлемнің жетекші күштерінің геостратегияларын, мүдделерін айқындау арқылы, аталмыш факторлардың аймақ елдерінің ішкі және сыртқы саясатына, қауіпсіздік жүйесіне ықпалын зерттеу.

Теориялық талдау

Орталық Азияның тарихына, қазіргі саяси жағдайына, мәдениеті мен философиясына арналған еңбектердің саны орасан зор. Біздің зерттеу тақырыбымызға қатысты маңызды еңбектердің ішінен, американдық ғалым Фредерик Старрдың «Орталық Азияның алтын ғасыры: араб жаулауынан бастап Темірланға дейін» атты іргелі еңбегінде [1], ортағасырлық Орта Азия тарихындағы ғылым және білім, өнер, философия салаларындағы ойшылдардың жетістіктері зерттелінеді. Замануи Қазақстанның оңтүстігінен Ауғанстан арқылы және Иранның шығыс провинциясынан Шыңжаң, Қытай арқылы созылып жатқан аймақты мекендеген халықтардың өркениетіне парсы және түркі мәдениеттерінің ықпалы қарастырылады. Автор, Орта Азия өркениетінің дамуын қарастыра отырып, оны теңдесі жоқ мәдени ошақтардың орталығы ретінде айқындайды. Зерттеушілер М.Э. Ахрари Бил тарапынан шығарылған «Мұсылмандық Орталық Азиядағы жаңа үлкен ойын» [2] еңбегінде авторлар, Орталық Азияның мұсылман мемлекеттері XIX ғасырдың аяғында Ресей жаулап алғаннан бері аймақтық мұсылман көршілерінен оқшауланып қалды. Тәуелсіз мемлекеттер ретінде олар қазіргі таңда қоршаған әлеммен кең байланыстар орнатуға мүдделі, деп айқындай отырып, аймақты дәстүрлі түрде бәсекелес аймақтық державалар: Ресей мен Парсы, Ресей мен Қытай немесе Ресей мен Ұлыбритания арасындағы байланыс ретінде қарастырады. Аймақ елдеріндегі исламның рөлін зерделей келе, болашақтағы Орталық Азия елдерінің саяси өміріндегі исламның рөлі қандай болады деген болжамдар жасайды. Зерттеуші А.А. Салиевтің осы тұрғыдағы «Дін және геосаясат: Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар» атты еңбегін ерекшелеуге болады [3].

1904 жылы британдық географ Хэлфорд Маккиндер Лондондағы Корольдік географиялық қоғамының алдында «Тарихтың географиялық өзегі» деген еңбегін ұсынған. Х.Маккиндердің пікірінше, Ресей мен Орталық Азияның басым бөлігін қамтитын Еуразияның өзегі («the Pivot area») немесе жүрегі («Heartland») ғаламдық күштердің бәсекелестігінде маңызды рөл атқаратын аймақ. Сонымен қатар Маккиндердің геосаяси тұжырымына сәйкес, аталған аумақты бақылауда ұстау арқылы жер шарында үстемдік орнатуға мүмкіндік алады [4,б. 88].

Қазіргі кездегі аймақтағы «Үлкен ойын» саясаты туралы ресейлік зерттеуші Казанцев А.А. «Ережелері жоқ Үлкен ойын: Әлемдік саясат және Орталық Азия» [5,б.23] еңбегі Орталық Азиядағы геосаяси теке тірес мәселесіне арналған. Әлемдік күштердің аймақтағы мүдделері - қақтығыстарды, бәсекелестікті, өзара түсінбеушілікті, белгісіздік және тұрақсыздықты тудыратын негізгі фактор деп айқындайды. Қырғызстандық ғалымдардың «Орталық Азиядағы Ресей және Британ империяларының Үлкен ойыны. Жаңа Таяу Шығыс Жобасы» атты зерттеуінде [6] Орталық Азиядағы геосаяси бәсекелестіктің тарихи алғышарттары мен қазіргі жағдайын қарастыра отырып, Жаңа Таяу Шығыс жобасының негізге мәселелерін сипаттайды.

Нәтижелер және талқылау

Орталық Азия ғасырлар бойы ірі империялар арасындағы тартыс алаңына айналған аймақ болып табылады. Олардың ішіндегі маңызды тарихи оқиғалардың бірі 751 жылғы Талас өзені бойындағы Аббасидтер халифаты мен Тан империясы арасындағы шайқас - аймақтың болашақ өркениеттік көрінісін айқындаған маңызды оқиға. Сонымен қатар, қазіргі кезеңге дейін жалғасын тауып, басқа нысанға ауысқанымен, мақсат-мүдделері

бірегей «Үлкен ойын» геосаяси теке-тіресінің де маңызы ерекше. XIX ғасырлар шегіндегі Ұлыбритания және Ресей империясы арасындағы қайшылықтар түрінде көрініс алған «Үлкен ойын» геосаяси теке –тіресінің негізгі мақсаты – Ауғанстан, Иран, Орта Азия және Оңтүстік Азия аумақтарындағы отарлық мүдделерді жүзеге асыру болып табылды. Бұл мүдделер екі империяға тиесілі отарлық саясат орнаған аумақтарын қорғауға және империялардың геосаяси ауқымын ұлғайтуға бағытталды. Британия және Ресей империялары үшін аумақтық экспансияның және әлемдік үстемдік етудің қақпасы ретінде Орталық Азия аймағы екі империя арасындағы экономикалық, саяси, мәдени мәселелерді қамтыған теке-тірес алаңына айналды. Ұлыбритания мен Ресей империясы арасындағы геосаяси бәсекелестіктің негізгі мақсаты - геостратегиялық тиімді аумақтарға, Шығыс-Батыс елдерін жалғастыратын сауда жолдарына бақылау орнату болса, осы мақсаттарды жүзеге асыру аясында сепаратистік пиғылдар, тыңшылық әрекеттер, діни сенімдер мен мәдениетті желеу ету арқылы бұқараның сана - сезіміне өркениеттік миссияны жүзеге асыру түріндегі айлы-шарғы жасау, әскери-саяси әрекеттер түріндегі барлық құрамдас бөліктер пайдаланылды.

Орта Азия аймағындағы «Үлкен ойын» геосаяси теке тіресі 1830 жылы 12 қаңтарда Үндістанның бақылау кеңесінің президенті лорд Элленборо генерал-губернатор лорд Уильям Бентинкке Бұхара әмірлігіне жаңа сауда жолын ашуды тапсырған кезде басталды [7,6.129]. Британия Ауғанстан әмірлігін бақылауға алып, оны протекторатқа айналдыруды және Осман империясын, Парсы империясын, Хиуа хандығын және Бұхара әмірлігін екі империяның арасында буферлік мемлекет ретінде пайдалануды көздеді. Бұл мүдделер Үндістанды және британдық негізгі теңіз сауда жолдарын қорғауға бағытталды, екіншіден, Ресейдің Парсы шығанағында немесе Үнді мұхитында портқа ие болуына жол бермеу үшін жүзеге асырылу жоспарланды. Ресей Ауғанстанды бейтарап аймақ ретінде ұсынды. Бұл геосаяси теке тірестің нәтижелері 1838 жылғы бірінші ағылшын-ауған соғысы, 1845 жылғы бірінші ағылшын-сикх соғысы, 1848 жылғы екінші ағылшын-сикх соғысы, 1878 жылғы екінші ағылшын-ауған соғысы және Қоқанның Ресейге қосылуы түрінде көрініс алды.

XIX ғасырда тарихи түрде орын алған «Үлкен ойын» геосаяси бәсекелестік XXI ғасырда жаңа нысанда өріс алып келеді. Орталық азия аймағында геосаяси мүдделері басым халықаралық қатынастар жүйесінің қатысушыларының ауқымы да кеңейіп отыр. Егер XIX ғасырда бәсекелестік Ресей империясы мен Британ империясы арасында орын алса, қазіргі таңда Аерика Құрама Штаттары, Ресей Федерациясы, Қытай Халық Республикасы, Түркия, Иран, араб әлемі түріндегі акторлардың қатары көбейген.

2001 жылы АҚШ Ауғанстанға басып кіргеннен бері Америка Құрама Штаттары үшін Ауғанстандағы әскери операцияларын жүргізуге аймақтағы елдердегі әскери базаларын пайдалануға маңызды болды. Бұл кезеңдерде Қырғызстан елінде Американың әскери базасы ашылды. Вашингтонның, аймақтың энергетикалық ресурстарына қол жеткізіп, Ресей мен Иранды ығыстыру арқылы еуропалық нарыққа шығуға ұмтылды, экономикалық мүддесін бірінші орынға қойғанын көрсетеді. Осы кезеңдерде аймақта пайда болған батысшыл оппозициялық қозғалыстарды Америка Құрама Штаттары пайдалануға ұмтылғанын айта кеткен жөн. Американың Орталық Азиядағы ықпалының артуы Ресей мен Қытай үшін ортақ қауіпсіздік мәселесіне айналып, «Жаңа үлкен ойында» Ресей мен Қытай өздерінің мүддесі жүзеге асырылатын аймақтық саясат жүргізуді ұйғарды. 2013 жылдан кейін «Жаңа Үлкен ойын» Батыс мемлекеттері мен батыстық емес акторлардың еншісінде емес, Ресей мен Қытай арасындағы бәсекеге айналуға. Осыған байланысты ойынның негізгі қарзыны да өзгеріске түсті.

2013 жылдан кейінгі алғашқы маңызды оқиға Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» геосаяси жобасын жариялау арқылы аймақтық ықпалын арттыра бастағаны болды. Пекиннің Орталық Азияға экономикалық қызығушылығы артып келеді. Бір жағынан, аймақтың энергетикалық ресурстары Қытайдың өсіп келе жатқан энергия қажеттіліктерінде

маңызды рөл атқарады. Екінші жағынан, Орталық Азия Қытайдың Еуропаға сауда жолында стратегиялық ұстанымға ие. Экономикалық салада Ресей мен Қытай арасында айтарлықтай теңсіздік байқалады және Қытай Ресейді Орталық Азия аймағынан ығыстырып, аймақтың экономикалық көшбасшысына айналып келеді.

Тағы бір маңызды оқиға - 2021 жылы АҚШ әскерінің Ауғанстаннан шығарылуы болды, осының нәтижесінде АҚШ-тың Орталық Азиядағы геосаяси стратегияларының ауқымы азайды. Сонымен қатар Ауғанстанда Талибан билікте келгеннен кейін қауіпсіздік мәселелері артып отыр және бұл мәселе Ресей мен Қытайды алаңдататын маңызды мәселеге айналды.

Дегенмен Украина мәселесіне байланысты туындаған геосаяси трансформациялар нәтижесінде Америка Құрама Штаттары Орталық Азияға қатысты саясатын жандандыруға ұмтылды. 2015 жылы қарашада АҚШ-тың сол кездегі Мемлекеттік хатшысы Джон Керридің аймаққа сапары кезінде ашылған C5+1 дипломатиялық форматы Орталық Азияның бес елінің қатысуымен диалог пен ынтымақтастық алаңы ретінде туындады [8]. Орталық Азиядағы аймақтық қауіпсіздікке, экономикалық дамуға және саяси тұрақтылыққа назар аудары отырып, C5+1 форматы Ресейдің аймақтағы ықпалын азайту және Қытайдың қатысуы мен белсенділігіне қарсы тұру мақсатында АҚШ пен Орталық Азияның бес мемлекеті арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға бағытталды. Осы жылдары сыртқы істер министрлері деңгейінде C5+1 кездесулері тұрақты түрде өткізіліп, ортақ мүдделі мәселелер, соның ішінде Ауғанстандағы тұрақсыздықтан туындайтын тәуекелдер, энергетикалық қауіпсіздік және климаттың өзгеруінің өсіп келе жатқан сын-қатерлері қарастырылды [9]. Ауғанстандағы дағдарыстан кейін C5+1 форматындағы, оның ішінде 2021 және 2022 жылдардағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 76-шы және 77-ші сессиялары аясындағы министрлер кездесулері жандана түсті [10]. Дәстүрлі министрлік форматынан 2023 жылдың қыркүйегінде өткен C5+1 кездесуі алғаш рет президент деңгейіндегі кездесу түрінде өтті. Бірлескен мәлімдемеде алты көшбасшы серіктестік пен ынтымақтастыққа бейілділігін қуаттады [11].

Қазақстан-АҚШ стратегиялық әріптестік кеңесінің соңғы кеңейтілген отырысы 2022 жылдың желтоқсанында өтті, ал Өзбекстан мен АҚШ стратегиялық әріптестік диалогын 2021 жылдың желтоқсанында бастады. ЕО Орталық Азиядағы ең маңызды сауда серіктестерінің және инвестиция көздерінің бірі болып табылады. Қазақстанның сыртқы саудасы мен шетелдік инвестициясының 30%-дан астамы ЕО-дан келеді, ал 2022 жылы Қазақстан-Еуропа тауар айналымы 39,9 млрд АҚШ долларын құраса, ЕО елдерінің инвестициясы 12,5 млрд долларды құрады [12].

Америка Құрама Штаттары Қазақстанның энергетикалық секторында негізгі орынға ие, бірақ жалпы экономикалық және сауда қатынастарында маңызды емес. АҚШ-тың Қазақстанмен саудасы АҚШ-тың жалпы аймақпен саудасының 86 пайызын, Өзбекстанмен 7 пайызын және Орталық Азияның қалған үш елімен 7 пайызын құрайды. АҚШ пен Қазақстан арасындағы сауда көлемі 2022 жылы небәрі 3,8 миллиард долларды құрады. Алайда соңғы кездері АҚШ-тың Орталық Азияға инвестициясы артып келеді. 2022 жылдың алғашқы үш тоқсанында АҚШ-тың Қазақстанға салған тікелей инвестициясы 5 миллиард АҚШ долларына жетті, бұл осы кезеңдегі ең жоғары көрсеткіш [12].

Қорытынды

Үлкен Ойын - Орталық Азия мен Каспий аймағындағы геостратегиялық және геоэкономикалық мүдделерді жүзеге асыру үшін ұлы державалар қабылдаған саяси ұстаным. Аймақтағы қазіргі стратегиялық және экономикалық қатынастардың негізгі қозғаушы күші ауған дағдарысы болып табылады. Бүкіл XIX ғасыр бойы Ұлыбритания басқа еуропалық державалардың бірі Орталық Азияның саяси құлдырауын өз мүддесінде пайдаланып кетуінен қауіптенді. ХҮІІІ ғасырдан бүгінгі күнге дейін ірі державалар

Орталық Азияны жаулап алу үшін саясат жүргізуде. КСРО ыдырағаннан кейін Орталық Азияны өз бақылауына алуға тырысқан мүдделер қатары көбейіп келеді. Бұл экономикалық және саяси тұрғыдан өте маңызды мәселеде барлық дерлік ұлы державалардың мүдделері қақтығысуға бейім. Бірегей географиялық және геосаяси жағдайына байланысты Орталық Азия әрқашан ұлы державалардың тоғысқан жері болып табылады.

Егер ірі державалар бір бірімен жақсы қарым-қатынаста болса, бұл Орталық Азия елдері қауіпсіздігі үшін проблема болмас еді, бірақ шындығында Орталық Азиядағы ірі державалар арасындағы қарым-қатынастар күрделі және Батыста жаңа «Үлкен ойын» деп аталып кеткен геосаяси бәсекелестік тұрғысынан түсіндіріледі, яғни бұл мәселе конфронтациялық сипатта. Ірі державалар арасындағы күрделі қарым-қатынас жағдайында көп қырлы дипломатия Орталық Азия елдері қабылдаған ортақ саясат болып табылады. Қытай, АҚШ, Ресей және Еуропа арасындағы терең алшақтыққа қарамастан, Орталық Азия елдері олардың әрқайсысымен стратегиялық серіктестік немесе стратегиялық ынтымақтастық орнатқандығын айрықшалау маңызды.

Көпқырлы дипломатия тұжырымдамасымен қатар Орталық Азияның елдері «теңдестірілген дипломатия» концепциясын алға тартып отыр, атап айтқанда еліміз бұл тұжырымдаманы 2014-2020 жылдарға арналған Сыртқы саясат тұжырымдамасында білдіріп, оны ұстануды жалғастыруда. Саяси прагматизм де Орталық Азия мемлекеттері дипломатиясының маңызды ерекшелігі болып табылады, ол аймақ елдеріне нақты пайда әкелу қағидатына негізделген.

Әдебиеттер тізімі

1. Starr S. F. Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Conquest to Tamerlane. Princeton University Press, 2015. 686 p.
2. Ahrari M. E., James Beal The New Great Game in Muslim Central Asia. University Press of the Pacific, 2002. 108p.
3. Салиев А. А. Религия и геополитика: международные отношения в Центральной Азии (вторая половина XIX - начало XX в.) / КРСУ. Бишкек, 2017. 571 с.
4. Маккиндрер Х. Географическая ось истории. Москва. АСТ, 2021. 288с.
5. Казанцев А.А. «Большая игра» с неизвестными правилами: Мировая политика и Центральная Азия. Москва. Наследие Евразии, 2008. 250 с.
6. Алымкулов М.С., Джеенбекова С.С., Джунушалиева Г.Дж., Наматов Н.А., Горина И.В., Фабиане Ассаф, Дуарте Серрано «Большая игра» Российской и Британской Империи в Центральной Азии. Проект «Новый Ближний Восток». Берлин. Maxprint. 2021.164 с.
7. Cull, Nicholas J. Staging the Catastrophe: The Tricycle Theatre's The Great Game: Afghanistan and Its Diplomatic Journey from London to the Pentagon, 2010-11 // Theatre Topics. 2011. 21 (2). 125-137.
8. U.S. Department of State, Remarks at the Opening of the C5+1 Ministerial Meeting, November 2015. [Электрон. ресурс]. URL: <https://2009-2017.state.gov/secretary/remarks/2015/11/249046.htm>
9. U.S. Department of State, C5+1 Joint Statements and Releases. [Электрон. ресурс]. – URL: <https://www.state.gov/c51-joint-statements-and-releases/>
10. U.S. Department of State, Joint Statement on the C5+1 Meeting during UNGA 76, September 2021. [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.state.gov/joint-statement-on-the-c51-ministerial-during-unga-76/>; U.S. Department of State, Joint Statement on the C5+1 Meeting during UNGA 77, September 2022. [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.state.gov/joint-statement-on-the-c51-meeting-during-unga-77/>
11. The White House, C5+1 Leaders' Joint Statement, September 2023, [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.whitehouse.gov/briefing-room/statements-releases/2023/09/21/c51-leaders-joint-statement/>

12. Zhao Huasheng Central Asia in Change: Beyond the 'Great Game' [Электрон. ресурс]. URL: <https://valdaiclub.com/a/highlights/central-asia-in-change-beyond-the-great-game/>

References list:

1. Starr S.F. Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Conquest to Tamerlane. Princeton University Press, 2015. 686 p.
2. Ahrari M.E., James Beal The New Great Game in Muslim Central Asia. University Press of the Pacific, 2002 108p.
3. Saliev A.A. Religiya i geopolitika: mezhdunarodnye otnosheniya v Central'noj Azii (vtoraya polovina HIH - nachalo HKH v.) / KRSU. Bishkek, 2017. 571 s.
4. Makkindar H. Geograficheskaya os' istorii. Moskva. AST, 2021. 288s.
5. Kazancev A.A. «Bol'shaya igra» s neizvestnymi pravilami: Mirovaya politika i Central'naya Aziya. Moskva. Nasledie Evrazii, 2008. 250 s.
6. Alymkulov M.S., Dzheebekova S.S., Dzhunushalieva G.Dzh., Namatov N.A., Gorina I.V., Fabiane Assaf, Duarte Serrano «Bol'shaya igra» Rossijskoj i Britanskoj Imperii v Central'noj Azii. Proekt «Novyj Blizhnij Vostok». Berlin. Maxprint. 2021. 164 s.
7. Cull, Nicholas J. Staging the Catastrophe: The Tricycle Theatre's The Great Game: Afghanistan and Its Diplomatic Journey from London to the Pentagon, 2010-11 // Theatre Topics. 2011. 21 (2) 125-137.
8. U.S. Department of State, Remarks at the Opening of the C5+1 Ministerial Meeting, November 2015. [Электрон. ресурс]. URL: <https://2009-2017.state.gov/secretary/remarks/2015/11/249046.htm>
9. U.S. Department of State, C5+1 Joint Statements and Releases. [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.state.gov/c51-joint-statements-and-releases/>
10. U.S. Department of State, Joint Statement on the C5+1 Meeting during UNGA 76, September 2021. [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.state.gov/joint-statement-on-the-c51-ministerial-during-unga-76/>; U.S. Department of State, Joint Statement on the C5+1 Meeting during UNGA 77, September 2022. [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.state.gov/joint-statement-on-the-c51-meeting-during-unga-77/>
11. The White House, C5+1 Leaders' Joint Statement, September 2023, [Электрон. ресурс]. URL: <https://www.whitehouse.gov/briefing-room/statements-releases/2023/09/21/c51-leaders-joint-statement/>
12. Zhao Huasheng Central Asia in Change: Beyond the 'Great Game' [Электрон. ресурс]. URL: <https://valdaiclub.com/a/highlights/central-asia-in-change-beyond-the-great-game/>

жауапты автор туралы мәлімет (толық аты жөні, жұмыс орны, телефон, электрондық поштасы): **Турекулова Жұлдыз Елтаевна** - PhD доктор, «Саясаттану» кафедрасының доценті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті, Шымкент, Қазақстан. E-mail: turekulova74@mail.ru; тел: +77011455162, Aigera1984@inbox.ru; тел +77771455153